

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Филология факультеті
Қазақ әдебиеті кафедрасы

Ministry of Science and higher education of the Republic of Kazakhstan
L. N. Gumilyov Eurasian National University
Faculty of philology
Department of Kazakh literature

**«ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ТОҒЫСЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ
ЖАҢА ПАРАДИГМАЛАРЫ»**

ҚР Мемлекеттік сыйлығының және ғылым саласындағы Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері, ҚР ҰҒА академигі, Қазақстан Республикасы ғылымына еңбегі сіңген қайраткер **ЗӘКИ АХМЕТОВТІҢ** 95 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

4-5 МАМЫР, 2023 ЖЫЛ

Астана, 2023

MATERIALS

**«NEW PARADIGMS OF LITERARY STUDIES AT
THE CROSSROADS OF THE HUMANITIES»**

International scientific and theoretical conference dedicated to the 95th anniversary of the winner of the state prize of the Republic of Kazakhstan and the Sh.Ualikhanov Prize in the field of science, academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, Honored Worker of science of the Republic of Kazakhstan **Zaki Akhmetov**

4-5 MAY, 2023

Astana, 2023

ӘОЖ821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

Г91

Жалпы редакциясын басқарған:
Басқарма төрағасы-ректор Е. Сыдықов

Редакция алқасы: Ж. Құрманғалиева, У. Жорақұлов (*Ташкент, Өзбекстан*), Н. Ыйсаева (*Бішкек, Қырғызстан*), Ғ. Нұрғалиева, А. Бейсенбай, Қ. Кемеңгер (*жауапты шығарушы*), Қ. Байтанасова, М. Оразбек, С. Сагидуллиева.

«Гуманитарлық ғылымдар тоғысындағы әдебиеттанудың жаңа парадигмалары»
Қазақстан Республикасы ғылымына еңбегі сіңген қайраткер, ҚР ҰҒА академигі Зәки Ахметовтің 95 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. 4-5 мамыр 2023 жыл/ Жалпы редакциясын басқарған: Е. Сыдықов. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023. – 310 б.

ISBN 978-601-337-843-5

Жинаққа 2023 жылы 4-5 мамырда Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Қазақ әдебиеті кафедрасы ұйымдастырған аса көрнекті әдебиеттанушы ғалым, ҰҒА академигі Зәки Ахметовтің (1928-2002) 95 жылдығына арналған «Гуманитарлық ғылымдар тоғысындағы әдебиеттанудың жаңа парадигмалары» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары енді. З. Ахметовтің ұлттық гуманитарлық ғылым тарихындағы орны мен ғалымдық тұлғасын зерделейтін мақалалар және бүгінгі әдебиеттану, фольклористика, тіл ғылымы мен оны оқыту әдістемесін қарастырған ғылыми зерттеулер топтастырылды.

Басылым ғылыми қызметкерлерге, білім алушыларға, оқу, білім, руханият саласының мамандарына, ұлт тарихына ынтызар көпшілік оқырманға арналған.

ISBN978-601-337-843-5

ӘОЖ821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

5 Жалпы тіл білімі. Тіршілік формалары. Функциялары, тіл тарихы. 1970.

6 Руберт и. Б., Генидзе Н. К.Тіл эволюциясындағы Аналитикалық тенденция // филология ғылымдары, 2003, №1, 54-62 ББ.

7 Орыс тілі және кеңес қоғамы. Т.1. М., 1968.

82.512.104

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҚАРЛУҚ ПЕН БҰЛҒАР ТҮРКІЛЕРІНІҢ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ОРТАҚ САРЫН

Джумабаева А.

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қазақ әдебиеті кафедрасының
магистранты*

Астана қ., Қазақстан

**Ғылыми жетекшісі: филол.ғ.к., қауым. профессор Кемеңгер Қ.Р.*

E-mail: dzhumabaeva.altynai@mail.ru

Аннотация. В статье рассматривается общий мотив устной литературы тюркских народов, относящихся к карлукской и болгарским ветвям тюркских народов. Исследуются общие сюжеты, персонажи и пословицы казахской совместно с узбекской, уйгурской, чувашской литературами. Объясняется происхождение различий и сходства сюжетов. Сказка «Девять ленивцев» в узбекском, «Сказка о Кутанском ковре» в уйгурском, сказка «Отчего ласточка двухвостая?» в чувашском фольклоре сравнивается со схожими сюжетами в казахской устной литературе. Соотношение жанра сказки с народным бытом исследуется на основе трудов М. Ауэзова, М. Габдуллина, З. Ахметова. Специфика персонажей определяется на основе исследований академика З. Ахметова.

Ключевые слова: литература тюркских народов, сказки, общий мотив, пословицы, устная литература.

Abstract. The article examines the common motif of Kazakh oral literature and oral literature of the Turkic peoples belonging to the Sable branches of the Turkic peoples. The article explores common plots, characters and proverbs of the Kazakh people and Uzbek, Uighur, Chuvash literature. The origin of the differences and similarities of the plots is explained. The fairy tale "Nine sloths" in Uzbek oral literature, "The Tale of the Kutan carpet" in Uighur oral literature, the fairy tale "Why is the swallow two-tailed?" Chuvash oral literature is compared with similar plots in Kazakh oral literature. The correlation of the fairy tale genre with folk life is determined on the basis of the works of M. Auezov, M. Gabdullin, Z. Akhmetov. The specifics of the characters are determined on the basis of Z. Akhmetov's research.

Key words: literature of the Turkic peoples, fairy tales, common motif, proverbs, oral literature.

Түркі өркениеті – керегесі кең, шаңырағы биік киіз үй іспеттес. Ұлы этностың тамыры терең, тарихы қатпарға толы. Түркі халықтары тарихының көркем бейнесін ортақ әдебиетінен тани аламыз.

Түрік халықтары – қанатын кеңге жайған, құлашын алысқа сермеген халықтар. Олардың тілі де, мәдениеті де, әдебиеті де теңдессіз бай, әрі көркем. Бір арнадан аққан бұлақтай осы халықтардың да ортақ ертегілері, ортақ кейіпкерлері, ортақ сюжеттері, ортақ антигонисттері бар.

Түрік халықтарының ішінде бір-бірінен кеш ажырап, енші алған халықтар қазақ пен өзбек десек қателеспейміз. Бір кездері бір халық болған қазақтар мен өзбектер бірқатар себептерге байланысты, XV ғасырдың екінші жартысында бір-бірінен бөлініп, бөлек отау тікті. Осы бөлінуге түрткі болған тарихи себептер мен өзбектердің көші-қон процестері туралы Х.Вамбери, В.Д.Греков, А.Ю.Якубовский, А.А.Семенов, Б.Ахмедов, Т.Сұлтанов, Б.Кәрібаев сынды ғалымдар зерттеп, зерделеді.

Қазақ және өзбек халқы сан ғасырлар бойы көрші отырған десек, осы екі ұлттың ауыз әдебиеті бір-біріне ықпал етіп отырған. Оның айқын бейнесі – қос ұлттың ертегілері. Өзбек және қазақ ертегілеріндегі негізгі ұқсастық – еркіндік сүйген халықтың бейнесі, жауыз,

әділетсіз күштерге төтеп бере алған халық көрінісі. Дегенмен де, қанша жерден ұқсастықтар көп болғанмен, айрықша айырмашылықтар да бар. Екі халықтың да ертегілеріндегі айырмашылықтың өзегі – халықтардың тұрмыс салты. Қазақ халқы әу бастан көшпелі тұрмысқа бой берген ұлт десек, өзбек ғұмырында отырықшы өмір салты көп көрініс береді.

Қазақ және өзбек ауыз әдебиетіндегі сюжеттік желісі де, идеясы да бірдей ертегілер деп «Ұр-тоқпақ» - «Ур-тоқмақ» «Асан мен Үсен» - «Хасан ва Хусан», «Алтын дән» - «Үш қарбыз дәні», «Алдар Көсе мен көпес» - «алдар куса ва купес», «Қожанасырдың байға жалданғаны» - «Ходжа Насреддин.Ах ва ох», «Толғанай» - «Тулғанай» ертегілерін айта аламыз[1. 12].

Өзбек халқымен қазақ халқының ұқсас ертегілерінің бірі «Тоғыз тоқылдақ, бір шіңкілдек» пен «Тоғыз жалқау ертегілері» [2. 149-152]. Екі ертегіде де өзі тиесілі ұлттың тұрмыс салты мен шаруашылық келбеті көрініс тапқан. «Тоғыз жалқау» ертегісінде қала өмірі, базар тұрмысы негізінде оқиға өрбиді. Ал «Тоғыз тоқылдақ, бір шыңқылдақ» ертегісінде ауыл тұрмысы, мал шаруашылығы көрінде. Екі ертегінің де кейіпкері еңбекқор, адал әрі ақылды болады, ал олардың қарсыластары көрсеқызар, қызғаншақ, ақымақ әрі тоғышар болады. Өзбек ертегісінде бірінші оқиға арба жасау ісіне байланысты болса, қазақ ертегісінде мал бағуға байланысты болады. Өзбек ертегісінде есек көлік құралы болса, қазақ ертегісінде түйе туралы сөз болады.

Қазақ халқы көшпелі тұрмыс кешкен, өзбек халқы отырықшы тұрмыс-салтымен өмір сүрген. Осы айырмашылық ертегілерде орын алған, алайда сюжеттік желі бір арнадан тарағандығы айқын байқалады. Осы жөнінде профессор М.Ғабдуллин дұрыс айтады: «Халықтың тұрмыс-тіршілігіне, салтына байланысты туған ертегілері бір ғасырдың ғана жемісі емес. Олардың бәрі ауызша айтылып, ауызша тарағандықтан көптеген тарихи кезеңдер, талай таптық, қоғамдық орталар тудырған әртүрлі көзқарастарды, сан алуан ұғым-түсініктерді бойына жинастыра келгендері де белгілі» [3. 126-127]. Демек «Тоғыз тоқылдақ, бір шіңкілдек» ертегісінің сюжеті түркі халықтары еншілеспей тұрғанда дүниеге келген. Кейін әрбір халық негізгі сюжетке өз тұрмысына негіздеп, өзгеріс енгізген. Соған қарамастан ертегі өзінің бастапқы қалпын жоғалтпаған, керісінше молайып, түрленген. «Әр елдің салты басқа, иттері қара қасқа» деген қазақ мақалы осыны меңзеп тұрған іспетті. Қос халықтың тұрмыс ерекшелігі ертегіге өзгелік енгізгеніне қарамастан, жақындығына нұқсан келтірмеген.

Қазақ ертегілерін зерттеген М.Әуезов ертегіге мынадай сипаттама берген: «Қай елдің ауызша әдебиет шығармаларын алсақ та, барлығында ертегі халықтық шығармалардың мол саласы екенін көреміз. Сол барлық елдер фольклорында «ертегі» деген атау әрі саны мол, әрі түрі көп шығармалардың тобына арналған жинақты атау ретінде қабылданады. Ғажайып хал, қиял әңгімелер түрінде немесе сан қилы оқиғалы қызғылықты әңгімелер ретінде құрылған ертегінің бәрі де негізінде шаруа, кәсіппен, қоғамдық құрылыс тартыстарымен, тарихпен байланысты болып келеді» [4. 75]. Қазақ әдебиеттану терминдерін жүйелеп, сөздік құрастырған З.Ахметов ертегінің табиғатын былай түсіндірген: «Ертегінің айрықша мәні, құндылығы оның халық тұрмысымен байланысты болуынан, ойлау, сөйлеу, баяндау өзгешелігінен, халықтың арманы мен мүддесін көрсетуінен айқын танылады. Ертегінің бүгінгі таңға дейін халықпен қатар жасасып келе жатқан өміршендігінің құпиясы да осында жатыр» [5. 137]. Зерттеушілер ертегі сюжеті ертегі тиесілі халық тұрмысымен астасып жататындығын алға тартқан. Халықтың өмір салты сюжет ерекшелігінің басты себебі деп айта аламыз.

Өзінің ұзақ тарихында ертегі жанры да әр дәуірдің, әр қоғамның болмысы мен түсініктерінің, нанымдарының әр түрлі іздерін сақтап, біздің заманымызға жеткізген. Өзбек халқының ертегілерінде де көне заманның шындығы, сол шақтағы әдет-ғұрыптар мен наным-сенімдер, салт-дәстүрлер, тұрмыс кейпі молынан көрініс тапқан. Халқымыздың ойшыл қаламгері Ғ.Мүсіреповтің: «Өткенді аңсай бергеннің бұл күнге жарасымы жоқ, ал өткеннің жақсысын білмегеннің келешегі жоқ» деген бағдарлы ойы өмір керуенінде жүйелі

түрде халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігімен біте қайнасқан ертегілердің маңызы мен мәнін көрсетсе керек [6. 986].

Ауыз әдебиетінің тағы бір көркем үлгісі – мақал-мәтелдер. Ұйғыр халық ауыз әдебиетінде мақал-мәтелдер өте көп. Ұйғыр халқының мақал-мәтелдері өзі тиесілі халықтың таным бірлігін, дүниеге көзқарасын, философиясын білдіреді. Келесі кезекте қазақ және ұйғыр мақал-мәтелдерінің сабақтастығы мен айырмашылығына тоқталсақ.

Ұйғыр халқы – отырықшы халық. Бағзы заманнан бері қала салып, сауда-саттық жасауға бейім болған халық. Тұрмыс дағдасы мақал-мәтелдеріне ерекше әсер еткен. Бұл турасында З.Ахметов құрастырған «Әдебиеттану терминдерінің сөздігінде мынадай тұжырым бар: «Мақал қоғамдық өмірдің сан алуан құбылыстарын кеңінен қамтиды, тақырыбы мейлінше бай, жан-жақты келеді» [5. 222]. Базар, егіншілік, қала тұрмысы – отырықшы елдердің негізгі тақырыбы. Дәл осы тақырыптар ұйғыр мақалдарында кең өріс алған. Мысалы:

Диірмен мың айналғанша,
Иесі мың айналыпты.

Үйдегі сөз базарға жарамайды. [2. 321-327].

Халық – даналықтың дариясы. Бір-бірінен жыраққа кеткенмен, қос халықтың таным мен түсінік тоғысы алыстай қоймаған. Мұның бірден-бір дәлелі – мақал-мәтелдері және ертегілері.

Ертегі – халықтың арман-қиялынан туған қанатты құсы. Ол мәңгілік халықтың санасында өз орнын алған. Барлық әлем халықтары секілді ұйғыр халқы да ертегіге бай.

Қазақ және ұйғыр әдебиетіндегі екі ұқсас ертегіге тоқталып өтсек. Әлемдегі ең керемет кілемдер ұйғырларға тиесілі. Кілем – халықтың өмірімен болғандықтан, ертегі бойына да енген. Ұйғырлар кілем бетіндегі әрбір өрнек бір оқиғаның желісі деп санаған. Ұйғыр әдебиетінде «Қотан кілемінің ертегісі» аталатын көркем ертегі бар. Ертегі бойынша бағзы заманда қасқыр, жолбарыс пен түлкі бірге жемтік аулайды екен. Бірліктерінің өнімді болғандығы соншалықты, орманда қояндардан басқа аң қалмапты. Қояндарға тап бергенде, дана қоян оларға тоқтау салып, былай дейді: «Егерде бізді қазір жеп қойсаң, сендерге басқа азық қалмайды, сондықтан бір-бірлеп, кезекпен жеңдер». Дана қоянның ақылына көнген үшеуі күн өте қояндарды шетінен жей ереді. Ашуланған қояндар төтеп бермек болғанда, ашуланған жолбарыс қасқырды өлтіріп түлкіге қол салады. Қорыққан түлкі қояндармен бірігіп, айла ойлап табады. Жолбарыстың алдына барған қоян оған сенен де мықты жолбарыс шықты, біздер соған жем боламыз деп шештік» - дейді. Ашуланған жолбарыс қарсыласын іздемек болғанда, алдындағы қоян оны құдықтың жанына алып келеді. Құдыққа үңілгенде жолбарыс судағы бейнесін екінші жолбарыс деп, құдыққа секіріп өледі. Түлкі айласын асырмақ болғанда, қояндар оның да сыбағасын береді. Оқиға қояндардың жеңісімен ақталады. Ертегі айтушы сөзін былай аяқтайды: «Қояндардың жеңістен кейінгі өмірі белгісіз, мүмкін ол басқа кілемдегі оқиға болар» [7].

Қазақ ауыз әдебиетінде «Қоянның өш алуы» деп аталатын ертегі бар [8. 269-270]. Қос ертегінің де тегі бір. Дәл осы мазмұндағы ертегі өзбек әдебиетінде де бар. Ұқсас сюжет өзге де түркі халықтарында кездеседі. Жануарлар хақындағы бұл ертегінің сюжеттік желісі түркі халықтарына ортақ дегенге саяды. Айырмашылық – астамшылық жасаушы күштер. Қазақ ертегісінде – арыстан, ұйғыр ертегісінде – жолбарыс. Бұл айырмашылықтың бірден-бір себебі – орналасу мекені. Ұйғырлардың көршілерінің бірі парсылар – жолбарысты қол жануар ретінде ұстайды. Қазақтар үшін жолбарыс ертеректе жат жануар болды. Қазақ ертегілеріндегі негізгі трио, көбіне, арыстан, қасқыр, түлкі болды. Ұйғыр ертегісіндегі ерекшелік те осы, олар арыстаннан гөрі, жолбарысқа бой үйреткен халық. Ал жәбірленуші тап пен жеңіс тәсілі – бір. Қоян жауын құдыққа түсіріп өлтіреді. Ұйғыр ертегісінде түлкі қулығы осы тұста көрініс берсе, қазақ ертегісінде қоянның өш алудағы жеке қулығы болып табылады. Тұспалдаудың мұндай ерекшелігі З.Ахметовтың редакциялығымен жарық көрген «Әдебиеттану терминдерінің сөздігінде» былай түсіндірілген: «Орыс әдебиетінде мысал

өлеңдерде қасқыр, түлкі, қоян, т. б. аңдар адам кейпіне түсіріліп, адам істейтін әрекетті істеп жүреді. Мұндай жағдай қазақтың ертегі-аңыздарында өте жиі кездеседі»[5. 338].

Ертегілер бастапқы негізінен қол үзбесе де, орасан айырмашылықтар орын алады. Бұл – ертегінің өте ерте кезеңде пайда болғанының дәлелі. Түркі халықтары бір шаңырақ астында өмір сүргенде дүниеге келген сюжеттік желі, уақыт өте келе таным мен тұрмыс ықпалымен өзгеріске түскен. Десек те, алғашқы желі жоғалмаған, ертегілер ортақ негізді сақтап қалған. Ғалым Н.Келімбетов түркі дүниесіне ортақ мұралар жөнінде мынадай тұжырым жасайды: «Шындығында да қазақ, өзбек, қырғыз, әзірбайжан, түрікмен, ұйғыр, қарақалпақ, татар, т.б. ұлттық қауымдар этникалық тұрғыдан әбден қалыптасып, әрқайсысы жеке-жеке халық ретінде бөлініп шыққанға дейін, яғни ру-ұлыстық дәуірде бірге көшіп-қонып, араласып, өзара қатынасып жүргені мәлім. Міне, түркі тектес ру-тайпалардың сол кезде жасаған мәдени, әдеби мұралары осы халықтардың бәріне бірдей ортақ, бәріне бірдей тарихи, әдеби қазына болып табылады»[9. 8].

Екінші ұқсас ертегі – «Қырық өтірік». Ұйғыр мен өзбек әдебиетінде өте ұқсас «Үш өтіріктегі қырық өтірік» деп аталатын ертегі бар. Негізгі сюжеттік желісі кәнігі «Қырық өтіріктікі». Хан қызы жар іздемек боп, шарт қояды: «Кімде-кім мүдірместен үш рет қырық өтірік айтса, менің жарым болады». Дәл осы тұста бір ерекшелік бар. Талапты хан емес, ханның қызы қояды. Қыздың сөз бостандығы, ой бостандығы анық байқалады. Сонымен қатар, мұндағы хан бейнесі өзге «Қырық өтіріктегілердей» жауыз емес, керісінше хан қызының қалауына құлақ асады. Ал бұл мотив – шығыс ертегілеріне тән. Ешкім талапты орындай алмағанда, кедей жігіт мүдірместен қырық өтірікті айтып шығады. Хан қызы жігіттің жауабына риза болып, әкесінің батасымен шаңырақ құрып, бақытты ғұмыр кешеді [10. 65-66].

Басты айырмашылық – өзге нұсқаларында бала тек қырық өтірік айтса, ұйғыр ертегісінде қырық өтірікті үш рет айтады. Екінші айырмашылық – қосымша кейіпкерлер. Хан сарайында уәзірлер өтірік айтушылардың өтірігін тексеріп отырады. Үшінші айырмашылық – хан талапты орындай алмаған адамдардың басын шаппайды, еркіне қоя береді. Осындай айырмашылықтар – ұйғыр ертегісіндегі сюжеттік ауытқуларға негіз болып тұр. Десек те, ұқсас мотив пен идея, ортақ сюжет пен тәрбиелік мәні ертегілерді мың есе жақындатады.

Чуваш халқында, өзге халықтар секілді, ертегі үшке бөлінеді: ғажайып ертегілер, тұрмыс-салт ертегілері және хайуанаттар туралы ертегілер.

Чуваш халқы өзге түркі халықтары секілді ортақ қазынаға ортақтас, десек те айтарлықтай айырмашылық та жоқ емес. Бұның негізгі себебі – чуваш халқы түркі халықтары іштей бөлінбей тұрғанда-ақ, ертерек(шамамен 2,5 мың жыл бұрын) еншілескен.

Чуваш ауыз әдебиеті ертегілерге бай, әрі құнды. Ертегілердің көпшілік бөлігі бойына славяндық және финн-угорлық танымды жинақтаған. Сонымен қатар ертегі сюжеттерінде христиан дінімен байланысты құбылыстар мен атаулар көбірек кездесіп отырады. Мысалы, «Айды қалай аулағаны» ертегісінде «Пасха» мейрамы туралы сөз етіледі.

Чуваш халқында көбірек айтылатын ертегілердің бір тобы – сатиралық ертегілер. Бұл топқа жататын ертегілер XVIII ғасырда чуваш халқы Ресей Империясының құрамына енген кезеңдерде пайда болған. Чуваш халқы жат дінге қарсылық көрсетіп, оған өткен бауырларын әзілмен әшкерелеген. Осындай тарихи жағдайлар чуваш әдебиетінде бір топ сатиралық ертегілердің пайда болуына әсер еткен. Ертегілерде поптарды, шіркеу қызметкерлерін әзіл-сықаққа айналдырып отырған. Мысалы, «Потян попқа қалай тіл үйретті» ертегісі [11. 231].

Ертегілердің келесі бір тарамы – ғажайып ертегілер. Чуваш әдебиетіндегі ғажайып ертегілердің көп бөлігі батырлық сарында болып келеді. Батыр ұлдарының ерлік істерін ардақтаған халқы оны ертегіге айналдырып, ғасырлар бойы қоржынында сақтап келген. Мысалы, «Юман батыр», «Иван батыр», «Эдикан мен Удикан», «Алып-Великан» ертегілерінде басты кейіпкер жауыз күштерге қарсы соғысып, елінің азаттығын қамтамасыз етіп отырған. «Эдикан мен Удикан» ертегісінде басты қаһарман су астында еріксіз қалып қойған адамдары құтқарып, жер бетіне алып шығады [12. 62-63]. Мұндай құбылыс түркі

халықтарының ертегілерінде кездесе бермейді. Бұл тұста да өзге өркениет пен танымның ықпалы байқалады.

Чуваш ертегілерінде, өзге түркі түркі халықтары секілді қарапайым халық жауыз билеушіні әшкерелеп, сазайын тарттырып отырады. Мысалы, «Бұл әлемде кім күшті» ертегісінде патша берген уәдесінен тайып, сол үшін тиісті жазасын алады. Бұл тұста ханның әділетсіздігі үшін оны халық жазалайды.

Қолымызда бар көптеген чуваш ертегілері сюжеттік және образдық тұрғыдан қарастырғанда шығу тегі бойынша Ресей империясына бағынышты болған кезде пайда болғандығын байқаймыз. Десек те, түркі жұртшылығынан қойнауында сақтаған ортақ қазынасы жоқ емес. Сондай қазынаның бірі «Не үшін қарлығаштың құйрығы айыр?» деп аталады [12. 36]. Қазақ әдебиетіндегі «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» мифіне ұқсайды, дегенмен де айырмашылығы бар. Ерекшелігі – чуваш сюжеті бойында қазақ әдебиетіндегі қос миф тоғысқан. Қазақ халқында Нұқ пайғамбардың кемесі туралы аңыз-мифтер өте көп. Сондай аңыздың бірі «Неге қарға өлексе жейді?» деп аталады. Аңыз бойынша тышқан кемеңі тесіп, орнын жылан өз денесімен жауып тастайды. Чуваш мифі дәл осы тұстан басталады да, оқиға өзгешелеу жалғасады. Жыланға алғыс білдіргісі келген Нұқ пайғамбар оған азық әкелсін деп масаны жерді шарлап келуге жібереді. Азық қылар тамақ таппаған маса алдынан шыққан адамды шағып, қанын кемеге алып келеді. Масының аузындағы қанның адамдықы екенін білген қарлығаш бірден масаның тілін жұлып алады. Сөйтіп, адам баласын жыланның азығы болудан құтқарып қалады. Ызаланған жылан қарлығаштың құйрығын тістеп алғанда, қарлығаштың құйрығы айыр болып қалады. Оқиға осылай аяқталады. Чуваш сюжеті бойында екі миф тоғысқан, әрі өте әдемі жарасым тапқан. Айырмашылық деп атағанмен, чуваш нұсқасындағы ерекшелік сюжетті байытып тұр. Байытып қана қоймай, қазақ және өзге де түркі халықтары әдебиетімен жақындастырып тұр.

Миф өте ерте кезеңде пайда болған фольклорлық жанр екендігі жоғарыда айтылып өтті. Н.Келімбетов «Мифтегі оқиғалардың болатын шағы – мифтік дәуір» [9. 132] дейді. Түркі дүниесінің мифтік дәуірі - алғашқы қауымдастық. Түркілер ерте дәуірде Тәңірлік дінін ұстанған. «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» мифінің сюжеті өте ерте кезеңнің жемісі. Нұқ пайғамбар туралы аңыздар да өте ерте кезеңде дүниеге келген. Чуваш әдебиетіндегі қос сюжеттің тоғысуы қай кезеңде орын алғаны белгісіз, алайда бұл құбылыс түркі халықтары еншілескеннен кейін болғандығы анық.

Чуваш әдебиетіндегі қолжетімді ертегілердің көп бөлігі сюжеттік тұрғыдан және образдық жүйелілігімен өзге түркі халықтарынан өзгешеленеді. Жоғарыда атап өтілген «Не үшін қарлығаштың құйрығы айыр?» ертегісі түркі тамырынан қалған жұрнақ. Осы тұрғыдан чуваш халқын түркі халқынан ертегі дәуірінде жырақтаған халық деп атасақ болады.

Шетсіз-шексіз кең жазира даласы соншалықты кең болса, түркі әлемін тануда тым тереңдікті, мейлінше кемелдікті қажет етеді. Бәйтерек ағашы тамырын қаншалықты тереңге жайса, түркілердің тамыры да соншалықты терең. Тереңге тараған тек барлық түркі халықтарын бір тарихтың, бір әдеби мұраның астына жияды. Сол әдеби мұраны жинақтап саралау, тарихты тану негізгі міндет. Бұл жолдағы атқарылған жұмыстардың бір тобын З.Ахметов Түркологтардың келелеі кеңесі» мақаласында жарты ғасыр аралығында «әр ұлттық әдебиеттің көне фольклорден бастап қазіргі әдеби процеске дейінгі дамуын көрсететін ғылыми тарихы жазылды» дейді [13. 4].

Бауырлас халықтардың ортақ мұрасын алаламай, біріктіру біздің міндетіміз.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Азфалов М.И. Узбекские народные сказки. – Ташкент, 1972. – 584 б.
- 2 Түрік халықтары әдебиетінің тарихы. Хрестоматия. – Шымкент, 2006. – 344 б.
- 3 Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1974. – 318 б.
- 4 Әуезов М. Ертегілер. Қазақ әдебиетінің тарихы, 1-т. Фольклор. – Алматы: Қазақ, Қ 17 ССР Ғылым Академиясының баспасы, 1948. — 439 б.
- 5 Әдебиеттану : терминдер сөздігі / құрастырушылар З.Ахметов, Т.Шаңбаев. - 2-бас. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 383 б.

- 6 Мүсірепов Ғ. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2012. – 1120 б.
- 7 Гора самоцветов – Сказ хотанского ковра (The Hotan Carpet Tale) Уйгурская сказка: <https://www.youtube.com/watch?v=YhMHgjL9gNE>
- 8 Қазақ және әлем халықтары ертегілерінің алтын жинағы. 2-кітап. – Алматы, Аруна, 2013. – 517 б.
- 9 Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. Жоғары оқу орындары филология факультеттері студенттеріне арналған оқулық. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 264 б.
- 10 Кабиров М., Шахматов В. *Уйгурские народные сказки*. 1951 г. – 126 б.
- 11 Түрік халықтарының әдебиетінің тарихы. Хрестоматия. – Түркістан: ХТҚУ баспасы, 2005. – 342 б.
- 12 С. И. Шуртакова // Чувашиские легенды и сказки. – Чебоксары, 1979. – 221 б.
- 13 Ахметов З. Түркологтардың келелі кеңесі / З. Ахметов // Қазақ әдебиеті. - 1976. - № 39 (1337). – 24 қыркүйек. – 4 б.

ӘОЖ 82-1/29

ИЛИАС ЖАНСҮГІРОВТЫҢ «КҮЙШІ» ПОЭМАСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК-ЭСТЕТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Кәрім Т.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қазақ әдебиеті кафедрасының студенті

Астана қ., Қазақстан

**Ғылыми жетекші: филол.ғ.к., қауым. профессор Кемеңгер Қ.Р.*

E-mail: togzhankarim3@gmail.com

Аннотация: В статье рассматриваются биография и творческая деятельность выдающегося казахского литературного деятеля Ильяса Жансугурова (1894-1938). Выявляется особенность художественного творчества поэта в жанрах поэзия, проза, драматургия. Уделяется внимание на содержание и художественные особенности поэмы «Куйши». Анализируется эпическое произведение, написанное в стихах. Отмечается значение домбрового искусства в истории казахского народа, психологическая напряженность героев поэмы. В ходе анализа приводятся конкретные отрывки из поэмы, оцениваются ее художественные особенности.

Ключевые слова: поэт, Ильяс Жансугуров, поэма, казахская литература, поэзия, идея, произведение, художественные особенности.

Abstract: The article examines the biography and creative activity of the outstanding Kazakh literary figure Ilyas Zhansugurov (1894-1938). In the genres of poetry, prose, drama, the specifics of the poet's artistic creativity are revealed. The main attention is paid to the content and artistic features of the poem "kuishi". An epic work written in a poem is analyzed. The importance of dombra art in the history of the Kazakh people, the psychological tension of the heroes of the poem is noted. In the course of the analysis, specific excerpts from the poem are given, its artistic features are evaluated.

Key words: poet, Ilyas Dzhansugurov, poem, Kazakh literature, poetry, idea, work, artistic features.

Қазақ әдебиеті тарихында алыптар саны жетерлік. Олар әдебиетімізді, мәдениетімізді, тілдік тұғырымызды, жалпы айтқанда қазақ топырағындағы ұлттық құндылығымызды жаңа сатыға көтерді әрі барша әлемге танытты. Осы ерелі еңбек еткен алыптардың бірі де бірегейі – бүгінгі Жетісу өңірінің Ақсу ауданында өмір есігін ашқан Илияс Жансүгіров десек, қателеспейміз. Илияс Жансүгіров дүниеге өз жарығын жағып кетті. Арманын халық тілегімен үндестіре отырып, мақсатына қадам басып, өміріне ізгілік пен адал еңбек, парасаттылық пен тазалық, білім мен ізденімпаздық, сұлулық пен көркемдік сынды құндылық қосылған үлкен жол салды. Жаңашылдық, өнер, адамгершілік, білім тулары қазақ әдебиетінде сол дәуір сипатында биікте тұрды десек, оның ар жағында мықты Илиястай тұлғалар тұрғандары мәлім.